



ТУРАН- ҚАЗАЛЫ

№96
(2267)
Сенбі
30 қараша
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ



Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің қатысуымен Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына арналған «Елдік пен бірлік жолында» атты салтанатты шара өтті.

Мерекелік шараға аудандағы барлық шақырылымдардың мәслихат хатшылары мен төрағалары, депутаттары, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні ойналды.

Шарада аудан бас-

шысы Мейрамбек Шермағанбет жиналған қауымды Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығымен құттықтап, ауданның әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріне тоқталды.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастама-сымен соңғы жылдары елімізде аса маңызды саяси реформалар жүзеге асырылып, өз жемісін беруде. Президентіміздің, Үкіметтің, аймақ басшысының қолдауымен Қазалы өңірінде мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Өткен жылы аудан бюджеті 13,6

млрд. теңгені құраса,

биылғы жылдың 10 айының қортындысымен 18,6 млрд. теңгеге жетіп, 36,7 пайызға өсті. Әрбір салада аудан халқының игілігі үшін ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі күнге дейін жеткен әрбір жетістіктеріміз осы кезге дейінгі ауданды басқарған басшылар мен қызметкерлердің, мәслихаттың хатшылары мен төрағаларының, депутаттардың, елге жанашыр азаматтардың бірлесе атқарған жұмыстарының оң нәтижесі деп білемін, - деді аудан басшысы.

Мерекелік шарада аудандық мәслихаттың депутаты Арғын Қайырбайұлы Орым-

баев ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес «Құрмет» орденімен наградталды.

Жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, ел мүддесі жолындағы атқарған еңбегі үшін бірқатар азаматтар мен барлық шақырылымның мәслихат депутаттары аудан әкімінің мерекелік Құттықтауы және «Қазақстан мәслихаттарына - 30 жыл» төсбелгісімен марапатталды.

Марапаттау рәсімінен кейін қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, Қазақстан мәслихаттарының

құрметті депутаты, «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері Самұрат Имандосов, аудандық мәслихаттың ең алғашқы 1,2,3-ші шақырылымдарының хатшысы Бибайша Тілеубергенова, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы, аудандық мәслихаттың 4,5 шақырылымдарының хатшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Талайлы Бөріқұлақов мәслихат депутаттарын мерекесімен құттықтады.

Мерекелік салтанатты шара соңы аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

ТҰРАҚТЫ ТҰҚЫМБАҚ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Дүниежүзілік Банктің қайтарымсыз қаржысы есебінен «Қазақстан ландшафттарын қалпына келтіру жөніндегі» жобасы аясында 2022 жылдан бастап облысымызда екі жоба жүзеге асты. Бүгінгі таңда аталған жоба аясында Қазалы ауданында сексеуіл және саялы ағаш көшеттерін дайындау үшін 33,5 гектар тұрақты орман тұқымбағының құрылысы толығымен аяқталды.

Қазіргі уақытта, аталған жобаны облыс төңкеріміне алу жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны 440,7 млн.

теңге. Басқарма басшысы С.Сермағамбетов Қазалы ауданына арнайы барып, тұқым бағының жұмыс барысымен танысты. Жауапты мердігерге тұқымбақтың құжаттарын тездетіп рәсімдеуді тапсырды.

Айта кетейік, тұрақты орман тұқымбағы облыс төңкеріміне алынғаннан кейін 52 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелермен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге. Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

●Баспасөз - 2025

ЗЕКЕТ БЕРУДІҢ ТӨРТ САУАБЫ

Аса рақымды ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Зекет – Ислам дінінің негізгі бес тірекерінің бірі. Зекет тілдік тұрғыда: тазару, өсу, өну, арту және береке деген мағыналарды білдіреді. Ал шариғатымызда зекет деп – нисап көлеміне жететін дәулеті бар мұсылман кісінің Алла разылығы үшін байлығының бір бөлігін жылына бір рет Құранда көрсетілген топтағы адамдарға беруді айтады.

Алла Тағала қасиетті Құранның көптеген аяттарына зекетті намаз құлшылығымен бірге бұйырған. Бұл біздерге зекеттің қаншалықты маңызды амал екенін көрсетуде. Мысалы, қасиетті Құранның «Бақара» сүресі, 43-ші аятында: «Намазды толық орындаңдар және зекетті беріңдер», – деп айтылған.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) зекетті бес парыздың ішінде атап: «Ислам бес нәрсеге негізделген: Алладан басқа құдай жоқ екендігіне және Мұхаммед Оның елшісі екендігіне куәлік беру, намазды орындау, зекет беру, рамазан оразасын ұстау, шамасы келген кісі Алланың үйіне қажылық ету», – деген.

Сол себепті мұсылман адамның мал-дүниесі нисап мөлшеріне жеткен болса, оның белгілі бір бөлігі мұқтаждардың ақысы болып есептелінеді. Зекет парыз амал болғандықтан ондай адамдардың зекетті бермей қоюына болмайды. Хакім Абай атамыз:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,

Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс...», – деп, мұсылман адамның бес парызын толығымен орындауы керектігін айтқан.

Зекеттің шынайы қадір-қасиетін түсініп, оның маңыздылығын ұғынуымыз үшін, мынадай төрт артықшылықтары жөнінде білуіміз қажет:

Бірінші: Зекет беру арқылы адамдар арасында сүйіспеншілік

орнайды.

Зекет беру арқылы мұқтаж адам мен ауқатты адамның арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілік артады. Осыны терең түсінген халқымыз «Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін, бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін», «Қайырсыз адам – сараң, құм ішіндегі шөлмен тең, қайыры мол адам – суаты шалқар көлмен тең», – деп, ауқатты адамдарды қоғамға пайда тигізуге шақырған. Өзгелер үшін қолындағы барын аямай, жомарттық таныта білген ауқатты адамдардың халық дәрежесін көтеріп: «Атымтай жомарт», «Ақ пейіл жан» деп атайтын болған. Абай Хакім өзінің әкесі Құнанбай қажыны:

Мұсылманға қоймаған,
Орынсыз жанжал шатақты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты, – деп сипаттаған.

Ахат Шәкәрімұлы өз естелігінде Құнанбай қажы жайында: «Бұрын зекет беруді білмейтін байларға малынан зекет беруді орындатып, оларды нашар, кемтар, жетім-жесірлерге бергізген», – деп жазған.

Зекет пен садақаның қоғамда осындай үлкен маңызды орны болғандықтан бұрынғы ақсақалдарымыз, зиялы қауым өкілдері оны әрдайым насихаттап отыратын болған. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин бабамыз: «Біреу бай болады, енді біреуі жарлы болады. Соның үшін де пақыр, міскіндерге байлардан Құдай Тағала зекет, хайыр-садақалар бұйырды. Бірақ осындай рахымды болуды Құдай Тағала ақыретте бұл қайырларының орнына жұмақ бұйырып, мәңгі рахатта қалдырамын деп уағда етті. Егер дүниедегі малды Құдай бергеніне түсінбей, өз малым деп, зекет-хайырдан тоқталған адамдар, яғни өзі қолынан келіп тұрғанда бөтенге хайыр етуді білмеген адам өзгеден һәм хайыр үміт етпесе керек», – деген.

Асыл дініміз осылай-

ша көптеген үкімдерінде мұсылмандардың өзара байланысының нығаюына, сүйіспеншіліктерінің артуына ерекше мән береді. Мысалы, намаздың жамағатпен оқылуы адамдардың бір-бірін көріп қана қоймай, өзара тығыз араласуына ықпал етеді. Ораза ұстап, күні бойы ішіп-жеуден өзін тыйған адам, бүкіл болмысымен қарны аш, мұқтаж адамдардың жай-күйін сезініп, оларға жәрдемдесуге тырысады. Зекет-садақа беру арқылы да қоғамда адамдар арасында өзара құрмет пен сыйластықтары артады.

Екінші: Зекет – адам жанын тазартады

Қолында бар дүниені өзгеге беру адам нәпсісіне өте ауыр келетін іс екені белгілі. Алайда, Алла Тағалаға иман келтіріп, екі дүние бақытын қалаған адам қалайда бойындағы жаман мінездерінен арылып, жүрегіндегі рухани дерттерін емдеуі қажет. Адам баласы сараңдықтан арылуы керек. Шәкәрім бабамыз: «Құдай Тағаланың пақырлар үшін жүз қойдан бір қой зекеті бізге осынша ауыр көрінгені қалай? Тегінде байқасаңыз бізге көрінбей тұрса да бізді теріс жолға қызықтырып, оң жолдан жиіркендіріп тұрған бір нәрсе бар емес пе? Сол шайтан деген жауыңыз. Не қылсаңыз соған алдатпа», – деп сараңдықтың шайтан мен нәпсіден екендігін айтқан. Ал шайтанның азғыруына ермей, сараңдық дертін емдеудің бірден-бір жолы – Алла жолында мал дүниенің белгілі бір мөлшерін сарп етіп үйрену. Алла Тағала «Хашр» сүресі, 9-шы аятында: «Кім өзінің сараңдығынан сақтанған болса, міне, солар – табысқа жетушілер», – деп айтқан.

Зекет пен садақа – оны берушінің де алушының да нәпсісін тазартады. Ауқатты адам қолында барын Алла жолында жұмсау арқылы жүрегіндегі сараңдықты жойса, мұқтаж адам оны алу арқылы дүниесі бар адамға деген көреалмаушылық,

қызғаныш, жек көру сияқты дерттерден арылады.

Қаблisa жырау бабамыз: Әй, мұсылман жарандар, Малыңнан зекет беріңіз. Бірлігін Хақтың біліңіз. Хақ жолымен жүріңіз, Пәк болады дініңіз, – деп, зекеттің адамның руханиятын тазартатынын айтқан.

Үшінші: Зекет беру арқылы адамның мал дүниесіне береке кіреді

Алла жолында мал сарп етушінің мал-дүниесі кемімейді. Керісінше, оған береке кіріп, молая түседі. Себебі, мұқтаж жандарға зекет беру мал-мүлік берген Жаратушыға шүкірлік етудің бір-көрінісі болып табылады. Алла Тағала: «Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін», – деп, шүкір етуші пенделерінің нығметтерін одан әрі арттыратынын айтқан («Ибраһим» сүресі, 7-аят).

Бұған қоса зекет мал-мүлікті арам көзден, көре алмаушыдан, ұрыдан, ит-құстан қорғап тұрады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мал-мүліктеріңді зекет пен қорғандар», – деуі осыдан (имам Бәйһеқи). Демек, осы уақытқа дейін зекетін берген пенделердің мал-мүлкі зекет беру салдарынан кемімейді. Керісінше зекет берушілердің мал-жаны берекеге кенеліп, арта түседі. Бұл орайда зекет берушінің мал-дүниесін құдықтың суымен салыстыруымызға болады. Құдықтың бетіндегі суды қанша алсақ та, астынан тағы да шығып, толып отыратындығы сияқты, мал-дүниесін Алла жолында жұмсаған адамның дүниесіне де осылайша береке кірмек.

Төртінші: Зекет беру – үлкен сауапқа кенелтеді.

Зекет беру арқылы адам баласы Алла Тағаланың бұйырған парызы амалын орындайды әрі ақыреттік мол сауапқа кенеледі.

**Нұрдәулет НӘБИ,
Қазалы ауданының
бас имамы**

МАҚСАТЫМЫЗ–ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және құқық

бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қоғам болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес

қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам

адамгершілікке жатқылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті.

**Ақылбек БӨЛЕБАЙ,
«Бозкөл» ауылдық округінің әкімі**

ТЫЛ АРДАГЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Ауданымызда өмірдің ащысы мен тұщысын көріп, ұрпақтарына тәлімді тәрбие беріп отырған ардагер аналарымыз аз емес. Сонау қиын-қыстау кезеңдерде туған жердің игілігі үшін маңдай терін аянбай төгіп, адал еңбектің үлгісін көрсеткен аналарымыздың бірі – Батыр Әлима Пірәліқызы.

Тыл ардагері 88 жасқа толды. Осыған орай, ардақты ананың мерейлі қуанышына ортақтасып, құрмет көрсету мақсатында Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы Әлиев Жәнібек Алмасұлы Әлима әженің шаңырағына арнайы барды.

Жәнібек Алмасұлы саналы ғұмырын бүгінгі толқынның болашағы үшін сарп еткен ардагер ананы мерейлі жасымен құттықтап, ұзақ ғұмыр тіледі. Сый-құрмет көрсетіп, аудан әкімі М.Шермағанбеттің «Құттықтау хаты» мен сыйсияпатын табыстады.

Қимылы ширақ кейуана өзін құрметке бөлеген азаматтарға ризашылығын білдіріп, шексіз қуанышын жасырмады. Сондай-ақ, естелік әңгімелерімен бөлісіп, халықтың тыныштығын тілеп, қонақтарға ақ батасын берді.

Айта кетейік, Ә.Пірәліқызының ғұмыр жолы тауқымет пен қажыр-қайратқа толы. Сұрапыл соғыс кезінде жастайынан еңбекке араласып, қыз, келіншектермен бірге



шұлық тоқып, майдан даласына жіберіп отырған. Бел жазбай еңбек етіп, білім де алған.

Әлима әже 5 қыз, 2 ұлды тәрбиелей жүріп, кәсіпкерлік саласының дамуына аянбай тер төккен. Аудан орталығындағы базарда тазалаушы, ет сататын дүкенде сатушы, бақылаушы болып еңбек етіп, ел дамуына елеулі үлесін қосты. Ардақты ана бүгінде перзенттерінен 22 немере, 33 шөбере сүйіп, қызықтарына кенеліп отыр.

Өнегелі әулеттің шамшырағы болған абыз әженің мерейлі жасы құтты болсын! Ұрпақтарымен мың жасасын демекпіз.

Жанар ҚАЗИҚЫЗЫ,
Аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы

БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗДАР

Өрт - тілсіз жау! Өрттердің басым көпшілігі тұрғын үйлер үлесінде. Тұрғын үйдегі электр жүйесінің ақаулары, газ құрылғыларын пайдалану кезіндегі аңғалдықтар, балалардың отпен ойнауы өрттің шығуына себеп болып отыр. Әсіресе балалардың шырпымен ойнауы салдарынан орын алған өрт оқиғалары көп.

Әрбір ата-ана балаларды бақылаусыз үйде жалғыз қалдырмағаны абзал. Шырпы, тұтандырғыш (зажигалка) сынды оттық көздерін және тез жанғыш, тұтанғыш заттарды балалардың қолы жетпейтін орында сақтағаны дұрыс. Сол себепті әрбір ата-ана келесі кеңестерді естен шығармағаны жөн:

- балаларды үнемі қадағалау қажет, оларды аз уақытқа да жалғыз қалдырмауға тырысыңыз;

- балалардың бос уақытын қызықты өткізуін ұйымдастырыңыз.

Өрт болған жағдайда балаларды дұрыс әрекет етуге және дұрыс шешім қабылдауға баулыңыз:

- өрттің шығуын немесе жану белгілерін байқаған кезде бүлдіршін ересектерге немесе «101», «112» өрт сөндіру бөлімінің телефон нөмерлеріне хабарлауы және тез арада бөлмеден, үйден шығып кетуі керек екендігін түсіндіріңіз;

- бір қорап сіріңкенің салдарынан келетін қауіпті түсіндірген пайдалы.

Бұл кеңестерді әрбір ата-ана жадында сақтағаны абзал. Себебі, өз балаларымызға деген үлкен қамқорлықпен ғана, біз балалардың отпен ойнауынан туындайтын өрттердің алдын алып, өз үйімізді, мүлкімізді және ең бастысы – бүлдіршіндеріміздің өмірін сақтап қаламыз!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ТҰМАУ – ӨТЕ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Кейде тұмау асқынып кетіп тыныс жолын, нерв жүйесін, қан тамырды, жүректі ауруға шалдықтырады. Тұмауды қоздыратын вирустар (микробтар) тыныс жолының кілегей қабығында өсіп-өнеді. Тұмау тиген адам аурудың микробын жөтелгенде, түшкіргенде және қақырығы арқылы ауаға таратады.

Сондай-ақ тұмау вирусы науқастың ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы және тағы басқа арқылы жұғады. Тұмау вирусы өте тез тарайды. Бір мезгілде облыс, өлке, тіпті бүкіл жер жүзі адамдарының жаппай ауруы мүмкін.

Тұмау салқын кезде жиі, ысыда сирек кездеседі. Кейде адамға суық тиіп, тыныс жолының жоғарғы бөліктері қабынып, оның тұмауға ұқсауы да мүмкін. Бірақ бұл тұмау емес. Ол салқын тигенде мұрын, көмей, жұтқыншақтарды жайлайтын басқа микробтардың әрекеті. Тұмау вирусы күн сәулесіне және зарарсыздандырғыштар (хлор, қышқылдар, спирт және тағы басқа) әсерінен тез қырылады.

Тұмау басталғанда адамның денесі дел-сал болып, көңіл-күйі нашарлайды және тағамға тәбеті шаппайды. Бір-екі күннен кейін дене қызуы көтеріледі, басы ауырады, бұлшық еттері сыздап, буын-буыны сырқырайды, мұрны бітеді, дауысы қарлығып, жөтеледі, тамағы қызарып, жұтынғанда ауырады, көзі қызарып жасаурайды. Адам дереу дәрігерге көрініп, емделсе, үш-бес күннен кейін дене қызуы төмендеп, сауыға бастайды.

Емі — дәрігердің бақылауында

жүріңіз. Әрбір 2 сағат сайын ауыстыру үшін әр адамда кем дегенде 3 маска болуы керек. Маскалардың күн сайын жуылып, екі жағынан үтікеліп отыруын қадағалаңыз. Оқу бөлмелерін және кабинеттерді кем дегенде 2 рет желдетіп отыруыңыз қажет. Пияз, сарымсақ, қызыл бұрыш, және де С витаминіне бай (орамжапырақ, қара қарақат, бүлдірген, лимон, апельсин, итмұрын, болгар бұрышы) тағам өнімдерін пайдаланыңыз. Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде үйге дәрігер шақыртыңыз.

Тұмаудың алғашқы белгілері:

Дене қызуының 39,0°C-ге дейін және одан да жоғары көтерілуі;

Бұлшықеттер мен сүйектердің сырқырауы;

Бас ауыруы;

Әлсіздік, тез шаршағыштық;

Түшкіру және құрғақ жөтел;

Көздің қызаруы.

Тұмаудың таралуынан сақтаныңыз!

Тұмау – вирус арқылы жедел таралып, індетке айналатын жұқпалы ауру. Тұмауды таратушы тек ауру адам. Тұмаудың таралуы ауа райының өзгеріп, салқындауына да байланысты. Тұмау ауа арқылы жөтелгенде, түшкіргенде сөйлегенде шашыраған түкірік пен сілекей арқылы тез тарайды. Ауру қол алысып амандасқанда, сүйіскенде, ауру адам пайдаланған заттар арқылы да жұғады.

Тұмаудың алдын алу үшін:

Жеке және жалпы тазалықты сақта;

Тиімді тамақтан;

Дене жаттығуларымен айналысып, шынық;

Тұмау індеті кезінде: Тұмау вакцинасын ектірі

Антигриппинді оксалин жақпасын (мұрынға жағу үшін) және басқа алдын алу дәрі-дәрмектерін қолдану керек;

Көпшілік жиналатын жерлерге баруды шектеу керек;

Қоғамдық көліктерді аз пайдалану керек;

Бөлме ішін жиі желдетіп, ылғалды тазалау керек;

Ауырған адамды бөлектеп, оған қажетті жеке бұйымдарын беріп, онымен байланысты шектеу керек;

Аурумен байланыстығы жасайтын адамдар 4 қабатты дәке маска киіп, оны күн сайын қайнатып ыстық үтікпен үтіктеу керек;

Раиса НҰРАЛЫ,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы



ВЕДОМОСТВОЛЫҚ АРХИВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №235 бұйрығымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтерде қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын басшылыққа ала отырып, архив қоймалары негізгі (стационарлық немесе жылжымалы металл стеллаждармен) және қосалқы (металл шкафтар, сейфтер) сақтау құралдарымен жабдықталады. Оттан қорғайтын құралдармен өңдеу шартымен ағаш стеллаждарды қолдануға рұқсат етіледі. Стеллаждар терезе ойықтары бар қабырғаларға перпендикуляр түрде, ал терезесі жоқ үй-жайларда – үй-жайлар мен жабдықтардың ерекшеліктерін есепке ала отырып орнатылады. Сақтау құралдарын ғимараттың сыртқы қабырғаларына және жылу көздеріне тым жақын орналастыруға рұқсат етілмейді. Сақтау құралдарын орналастырудың арақашықтығы мынадай нормаларға сәйкес жүзеге асырылады:

1) стеллаждар қатарларының аралығы (басты өтетін жер) – 120 см;

2) стеллаждардың аралығы (өтетін жер) – 75 см;

3) ғимараттың сыртқы қабырғасы мен сыртқы қабырғаға параллель тұрған стеллаждардың аралығы – 75 см;

4) қабырға мен стеллаж немесе шкаф бүйірінің (сейфтер) аралығы – 45 см;

5) еден мен стеллаж немесе шкаф (сейфтің) төменгі сөресінің аралығы – кемінде 15 см, цоколь қабаттарда – кемінде 30 см.

Құжаттарды еденге, терезе алдына, баспалдақ алаңдарына қоюға немесе реттемей үйіп қоюға жол берілмейді.

Архив қоймалары, стеллаждар, шкафтар (сейфтер) және олардың сөрелері араб цифрларымен нөмірленеді. Стеллаждар және шкафтар (сейфтер) архив қоймасына кірген жерден солдан оңға қарай, олардың сөрелері – жоғарыдан төмен қарай жеке-жеке нөмірленеді.

Архив қоймаларында істердің, құжаттардың сақталу орны стеллаждар бойынша топографиялық сілтегіштерде көрсетіледі.

Әрстеллажға уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес стеллаж бойынша топографиялық сілтегіштер карточкасы жасалады. Стеллаж бойынша топографиялық сілтегіштер карточкалары әр жеке ар-

хив қоймасының шегіндегі стеллаждардың нөмірленуіне сәйкес жүйеленеді.

Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу

Ұйым архивіндегі құжаттардың құндылығына сараптама ҰАҚ құрамына жатқызылған құжаттарды іріктеу, оларды тиісті мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға тапсыруға дайындау, ҰАҚ құрамына жатқызылмаған құжаттардың сақтау мерзімдерін айқындау және сақтау мерзімдері өтіп кеткен құжаттар мен істерді жоюға бөлу мақсатында жүргізіледі. Құжаттардың құндылығына сараптама жатқызылған құжаттардың құндылығына сараптама ны жоспарлы түрде жыл сайын ұйым архивінің жұмыскері жүргізеді. Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу тиісті мемлекеттік архив мамандарының әдістемелік және консультациялық көмегімен жүзеге асырылады.

Ұйым қайта ұйымдастырылған (таратылған) кезде құндылыққа жоспардан тыс сараптама жүргізіледі. СК шешімдері ұйым басшысы бекітетін хаттамамен ресімделеді.

Мемлекеттік архивтердің, ЖАО құратын тиісті сараптау-тексеру комиссиясымен (бұдан әрі – СТК) келісілгеннен кейін ұйым басшысы бекітеді.

Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу кезінде:

1) ұйым құжаттарының құрамын талдау;

2) мемлекеттік архивке тапсыру үшін сақтау мерзімі тұрақты істерді іріктеу және дайындау;

3) құжаттардың төлнұсқа даналарының бар-жоғын тексеру және істеріне осы құжаттар енгізілген құрылымдық бөлімшелерді айқындау;

4) олардағы ақпараттың басқа құжаттарда қайталану сипатын, қайталаудың түрін, нысанын және толықтығын нақтылау жүзеге асырылады.

Қайталанатын ақпараты бар құжаттарды және дублеттік құжаттарды жоюға бөлу олар тұрақты сақтауға іріктелген құжаттармен салыстырылғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Құрылымдық бөлімшелерде құжаттарды ұйым архивіне тапсыруға дайындау кезінде құжаттардың екінші және одан кейінгі даналары, шимайқағаздары, құжаттардың ресімделмеген көшірмелері алынбаса, олар қарап шығу (тыңдау) барысында алып тасталады.

Анықталған кемшіліктерді

ұйым архивінің жұмыскері жояды. Қажет болған кезде істердің тақырыптары нақтыланады, істер сөгіледі және пішімделеді, істегі парақтарды қайта нөмірлеу жүзеге асырылады.

Құжаттардың құндылығын сараптау нәтижелері бойынша және құрылымдық бөлімшелер істерінің, құжаттарының тізімдемелері негізінде:

1) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша тұрақты сақталатын істердің, құжаттардың тізімдемесі;

2) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша тұрақты сақталатын электрондық құжаттар (істер) тізімдемелері;

3) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша жеке құрам бойынша істер тізімдемесі;

4) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша жеке құрам бойынша электрондық құжаттар (істер) тізімдемесі;

5) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша уақытша (10 жылдан астам) сақталатын істердің, құжаттардың тізімдемесі;

6) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша уақытша (10 жылдан астам) сақталатын электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі;

7) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акт;

8) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша сақтауға жатпайтын электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы акт жасалады.

Тізбе бес жылда бір реттен жасалады.

Тізбе тармақтарын жүйелеу хронологиялық, тақырыптық немесе тақырыптық-хронологиялық белгілер бойынша жүзеге асырылады.

Тізбені ұйымның ОСК (СК) келіскеннен кейін ұйымның басшысы және мемлекеттік архив СТК-ы бекітеді.

Тізбе екі дана жасалады. Ол бекітілгеннен кейін бір данасы тиісті мемлекеттік архивте қалдырылады. Ал екіншісі данасы ұйымда қалады.

Сонымен қатар ұйымда істер номенклатура-сы жасалмаған жағдайда құжаттардың қалыптасуы мен сақталуы дұрыс жолға қойылуы қиын. Бұл жағдай өз кезегінде мемлекеттік архивке құжаттардың сақталуға толық өтпеуіне немесе жоғалып кетуіне әкеліп соғады. Осы ретте Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-Ұ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 509-бабында «мекемеде тұрақты сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттарын және

номеналатураға сәйкес рәсімделген мекеме құжаттарын облыстық сараптау тексеру комиссиясыз жойылуына және жоғалуына жол берілетін болса орта кәсіпкерлік субъектілеріне-қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» деп көрсетілген.

Ведомостовалық архивтен мемлекеттік архивке құжаттардың толық әрі дұрыс өткізілуі адам құқығын қорғауға тікелей қатысы бар екенін түсініп, білуіміз керек.

Архивтік анықтаманың негізін қалаушы ол-ведомостовалық архивте жинақталатын құжаттар. Мекемедегі, ұйымдағы құжаттар сараптанып архивке толық өткізілсе ертеңгі күні сол мекемеде қызмет атқарған адамдардың еңбек өтілін толығымен растап архивтік анықтама беруге үлкен көмек болары айтпаса да түсінікті. Көпшілік адамдардың аудандық архивке жазған сұраныс – өтініштеріне қанағаттанғысыз жауап алуы архив қызметкерлерінің кінәсінен емес керісінше, сол мекеменің құжаттарын мерзімі келгенде ұқыпсыздықпен, салақтықпен қалай болса солай өткізген немесе мүлде өткізбей жоғалтып жіберген мекеме қызметкерінің тікелей кінәсінен деп түсінуіміз керек. Осындай жүрдім-бардым әрекеттердің орын алуынан құжаттардың аудандық архивке сақталуға толық немесе мүлде өткізілмеуі қаншама адамдардың тағдырына кері әсерін тигізеді. Азаматтардың жұмыс істегені рас болса да жұмыс істегенін растайтын анықтама ала алмауы мекеме құжатын дұрыс өткізбеуінен. Мекеменің, ұйымның құжаттары мемлекет үшін қайталанбас мәні бар түпнұсқалар екенін түсінетін уақыт келді.

Архив-халықтың алтын мұрасы, қымбат қазынасы. Ел тарихының түрлі даму кезеңіндегі әлеуметтік, экономикалық, саяси құрылымы, мәдениеті мен тұрмысы туралы деректерге толы архив саласының маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түспек. Рухани мұра болып табылатын тарихи деректер мен құжаттарды келешек ұрпаққа жеткізу архив саласы арқылы жүзеге асырылады.

К.МЕНДІБАЕВА,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қазалы ауданының архиві» филиалының қойма меңгерушісі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.